«БЕКІТЕМІН»
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«Шығыс» балалар және жасөспірімдер
орталығының директоры
__________ Н. Тяженов
__________ 2020 жыл

# ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІСТІҢ 75 – ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ БЕС АСЫҚТАН ОҚУШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАЛАЛЫҚ ОНЛАЙН ТУРНИРІНІҢ ЕРЕЖЕСІ



Нұр-Сұлтан қ. 2020 жыл

## 1.МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

- Ұлттық ойын "асық атуды және бес асықты" әрі карай дамыту және көпшілікке танымал ету;
- елордалық оқушылар арасында интеллектуалды спорт түрлерін дамытуды онлайн режімінде енгізу және кеңейту жолдарын ұйымдастыру;
- «карантин» кезінде оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік беру;
- онлайн режімінде бес асықтан ең мықты ойыншыларды анықтау.

## 2.ӨТКІЗІЛУ ОРНЫ МЕН УАҚЫТЫ

Жарыс 2020 жылғы мамырдың 6–сы күні WhatsApp видео байланысы арқылы онлайн форматында өткізіледі.

Жарыс орны видео түсіру құралы (бейне камера, смартфон, планшет, және т.б.) болған жағдайда, тек үй жағдайында өткізіледі.

Төрешілік отырыс 2020 жылдың 5 мамыр, сағат 16:00 де WhatsApp конференциясымен өткізіледі.

## 3.ЖАРЫСТЫ ӨТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Жарыска Нұр-Сұлтан қаласының мектеп оқушылар қатыса алады. Қатысушылардың бес асықтары болуы тиіс. Ойынға қатысушының ұлттық киімі немесе спорттық стильде, еркін қозғалуы үшін ыңғайлы бір түсті киімі болуы тиісті. Ойыншының онлайн ойынға қатысу тәртібі бас төрешімен анықталады.

Жарыс 2011 жылы Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің спорт комитетімен және Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы бекіткен «бес асық блиц » ережесі бойынша өткізіледі, бес асық блиц ережесі *қосымшада* көрсетілген.

## 4.ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫ КОМАНДАЛАР

Жарыска Нұр-Сұлтан қаласында осы оқу жылында өткізілген «Ұлттық ойындар- асыл мұрамыз» фестивалінің ақтық кезеңіне жолдамаға ие болған командалардың мектеп оқушылары жарыска жіберіледі. Бес асықтан жарыс жекелей түрде өтетіндіктен, жас ерекшеліктеріне және қатысушыларға шектеу қойылмайды. Онлайн жарыска қатысуына көмекші ретінде ойыншылардың жетекшілері немесе ата аналары мобильді гаджеттер және интернетпен міндетті түрде көмектесуге тиісті.

## 5.МАРАПАТТАУ

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар және жүлдегерлер грамота мен медальдармен марапатталады. Марапаттау рәсімі «карантин» мерзімі аяқталғаннан кейін өткізіледі.

**1 қосымша**

*«БЕС АСЫҚ БЛИЦ» ережесі*

Турнир БЛИЦ форматында уақытқа ойналады. Ойын 12 турдан және асықты қағып жинап ұпай алудан тұрады. Ойында әр кезеңде 3 ұпайдан беріледі, егерде ойыншы әр кезеңде қателік жіберсе оны қайталап түзетуіне үш мүмкіндігі бар, бірақ әр мүмкіндікте ұпайы саны 3,2,1 болып жазылады.

Егерде ойыншы 3-ші мүмкіндікті пайдалана алмаса 0 ұпай беріліп және келесі кезеңді әрі қарай жалғастырады. Ойын кезінде қатесіз ойнап ең жоғарғы **41** ұпай жинаған ойыншы, ол 12 кезеңнен 36 ұпай және қосымша берілген аяқтау сынында 5 ұпай асығы саналады, әр қағылған ұпай асығына 1 ұпай беріледі.

***Мысалы:*** ойыншы 5 асықтың үш асығын қақса 3 ұпай болып саналады сонда **жаттығу ұпайы + қаққан ұпай = жалпы ұпайы** 36 + 3 = 39. Егерде ойыншылардың ұпай саны тең болса ондай жағдайда ойыншылардың жатығуға жіберген уақыты ескеріледі, ол да тең болса қаққан ұпай санына қарайды, екеуінде де тең болса жаттығулар сапасына, яғни ойыншы қай кезеңде қателік жібергені есепке алынады (жеңіске соңғы кезеңдерде ғана қателескен ойыншының басымдылығы жоғары болады).

**Ойыншының киімі:** өзіне бөгет жасамайтын ұлттық нақыштағы киім немесе спорттық костюм.

**Ойын орыны:** Кілемшесі бір түсті болуы қажет және бес асықтың біреуі яғни қақпақылы **хан** бір бөлек түске боялған болуы қажет. Ойын қашықтықта видео онлайн WhatsApp форматында болғандықтан ойыншының қасында (әкесі,шешесі немесе бауыры) тұрып қосымша тікелей ойында видеоға таза түсіріп тұруы қажет. Ойынды аяқтаған сәтте ақ видеотүсірілімді 5 минут аралығында берілген төрешілер нөміріне жібереді және сонымен төрешілер шешім қабылдайды.